

**Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің білім беру ұйымдарын/мекемелерін (білім беру бағдарламаларын) аттестаттау және/немесе аккредиттеу саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 442 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің білім беру ұйымдарын/мекемелерін (білім беру бағдарламаларын) аттестаттау және/немесе аккредиттеу саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің білім беру ұйымдарын/мекемелерін (білім беру бағдарламаларын) аттестаттау және/немесе аккредиттеу саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К. Мәсімов*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 9

м а м ы р д а ғ ы

№

4 4 2

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

**Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің білім беру ұйымдарын/мекемелерін (білім беру бағдарламаларын) аттестаттау және/немесе аккредиттеу саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің үкіметтері, 2002 жылғы 26 ақпандағы өзгерістерімен 1998 жылғы 24 қарашадағы Беларусь Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қырғыз Республикасы Үкіметінің, Ресей Федерациясы Үкіметінің және Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарын өзара тану және олардың баламалылығы туралы келісімнің ережелерін ескере отырып, білім саласындағы бірлескен іс-қимылды үйлестірудің және жалпы білім беру

кеңістігін қалыптастырудың маңыздылығын негізге ала отырып, білім сапасын қамтамасыз ету үшін келісілген әдістерді құрудағы өзара іс-қимылдың орындылығын тани отырып, төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаты үшін төменде келтірілген терминдер мыналарды білдіреді:  
аккредиттеу - мемлекеттің немесе қоғамдық ұйымның білім беру ұйымының/мекемесінің (білім беру бағдарламаларының) қызметін белгіленген өлшемдерге, талаптарға, нормалар мен білім беру стандарттарына жауап беретін қызметтер ретінде кезеңдік бағалауы және тануы;  
аттестаттау - мемлекеттің білім беру ұйымы/мекемесі көрсететін білім беру қызметтерінің білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін кезеңдік бағалауы;  
білім сапасы — білімнің (алынған және алынатын) тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкестігі;  
білім беру бағдарламасы - белгілі бір деңгейдегі және/немесе бағыттағы білімнің негізгі мақсаттарының, міндеттері мен мазмұнының, сондай-ақ білім беру стандартымен белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін қажетті білім беру іс-шараларының тізбесі мен бірізділігінің жиынтығы.

### **2-бап**

Тараптар білім сапасының кепілдігін қамтамасыз етуге келісілген тәсілдерді қалыптастырады және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің білім беру ұйымдарын/мекемелерін (білім беру бағдарламаларын) аттестаттау және/немесе аккредиттеу саласындағы келісілген принциптерді ұстанады.

Білім сапасының кепілдігін қамтамасыз етуге қатысты келісілген тәсілдері қалыптастыру мақсатында Тараптар:

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің білім беру ұйымдарын/мекемелерін (білім беру бағдарламаларын) аттестаттау және/немесе аккредиттеу саласындағы ұлттық заңнама мен әдістемелерді (технологияларды) үйлестіру жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді;

білім сапасын бағалау және кепілдік беру саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілермен, әдістемелік құжаттармен алмасуды қамтамасыз етеді.

### **3-бап**

Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттерде жинақталған тәжірибені ескере отырып, білім сапасын бағалауға қатысты келісілген тәсілдерді, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесінің ерекшелігін қалыптастырады.

#### **4-бап**

Тараптар өздерінің аттестатталған және/немесе аккредиттелген білім беру ұйымдарының/мекемелерінің (білім беру бағдарламаларының) ұлттық деректер банкін қалыптастырады және бір-біріне тиісті мәліметтер береді.

#### **5-бап**

Тараптар осы Келісімді іске асыруға жауапты және аттестаттау және/немесе аккредиттеу мәселелері бойынша Тараптардың өзара іс-қимылдарын үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органдарды/ұйымдарды анықтайды.

Тараптар осы Келісім күшіне енген күнінен бастап үш ай мерзімде депозитарийге өздерінің уәкілетті органдары/ұйымдары туралы хабарлайды.

Уәкілетті органдар/ұйымдар өзгерген жағдайда Тараптар тез арада депозитарийге хабарлайды.

#### **6-бап**

Тараптар білім беру ұйымдарын/мекемелерін (білім беру бағдарламаларын) аттестаттаудың және/немесе аккредиттеудің келісілген рәсімдерін, оларды бағалаудың өлшемдері мен әдістерін әзірлеуге, білім сапасын қамтамасыз етудің Еуразиялық желісінің және Тараптардың уәкілетті органдары/ұйымдары ұсынатын өзге де ұйымдардың тиісті мамандарын тартады.

#### **7-бап**

Тараптар бір-біріне және аттестатталған және/немесе аккредиттелген білім беру ұйымдарына/мекемелеріне білім сапасын бағалау және кепілдік беру саласындағы бірлескен жобаларын іске асыруға жәрдемдеседі.

#### **8-бап**

6 және 7-баптарды іске асыру, егер Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында өзгеше көзделмесе, бюджеттен тыс қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады.

#### **9-бап**

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **10-бап**

1. Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға байланысты даулар, бірінші кезекте, келіссөздер мен консультациялар жүргізу жолымен шешіледі.

2. Егер бір дау Тарабы екінші дау Тарабына оларды өткізу туралы ресми жазбаша өтініш берген күннен бастап алты ай ішінде келіссөздер мен консультациялар жолымен дау реттелмесе, онда оны шешу тәсіліне қатысты дау Тараптары арасында өзгеше уағдаластық болмаған жағдайда, дау Тараптарының кез келгені бұл дауды Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Сотына қарау үшін бере алады.

## **11-бап**

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## **12-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

## **13-бап**

Осы Келісім оған басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылу туралы құжаттар сақтау үшін депозитарийге тапсырылады. Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап күшіне енеді.

## **14-бап**

Әрбір Тарап депозитарийді жазбаша түрде хабардар ете отырып, осы Келісімнен шыға алады. Осы Келісімнің қолданысы бұл Тарапқа қатысты тиісті хабарламаны депозитарий алғаннан кейін алты айдан соң тоқтатылады.

2010 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады, ол осы Келісімнің депозитарий болып табыла отырып, оның расталған көшірмесін Тараптарға жібереді.

*Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін  
Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін  
Қырғыз Республикасының  
Үкіметі үшін  
Ресей Федерациясының  
Үкіметі үшін  
Тәжікстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК